

**Отырар аудан әкімдігінің 16 сәуір 2018 жылғы № 74 "Отырар ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 39 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 ақпанда № 5431 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес, Отырар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Отырар аудан әкімдігінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 74 "Отырар ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4574 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 мамырда "Отырар алқабы" газетінде және 2018 жылғы 18 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Отырар ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Отырар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Елекеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жунисов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түркістан облысының

жолаушылар көлігі және автомобиль

жолдары басқармасы" мемлекеттік  
 мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Р.Ибрагимов  
 2019 жыл " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Отырар ауданы әкімдігінің  
 2020 жылғы 17 ақпандағы  
 № 39 қаулысына қосымша

**Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері**

№ р/с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен-жайы, шақырымы	Ж а л п ы ұзындығы, шақырымы
1	KXOR-1	Шәуілдір ауылының сыртқы айналма жолы	0-2,5	2,5
2	KXOR-2	Аққұм ауылына кіреберіс	0-3	3
3	KXOR-3	Ақкөл елді мекеніне кіреберіс	0-3	3
4	KXOR-4	Балтакөл-Үштам	0-0,65	0,65
5	KXOR-5	Маяқұм-Бестам	0-3	3
6	KXOR-6	Маяқұм ауылының сыртқы айналма жолы	0-3,1	3,1
7	KXOR-7	Маяқұм-Қостерек	0-8	8
8	KXOR-8	Шеңгелді елді мекеніне кіреберіс	0-3,2	3,2
9	KXOR-9	Көксарай-Жанкел	0-12	12
10	KXOR-10	Көксарай-Ызақөл	0-5,5	5,5
11	KXOR-11	Ақтөбе-Шілік	0-9	9
12	KXOR-12	Ш.Қалдаяқов ауылына кіреберіс	0-1,8	1,8
13	KXOR-13	Бестораңғыл елді мекеніне кіреберіс	0-1,3	1,3
14	KXOR-14	Сырдария елді мекеніне кіреберіс	0-0,5	0,5
15	KXOR-15	Арыс елді мекеніне кіреберіс	0-6,2	6,2
16	KXOR-16	станция Қарақоңыр	0-0,7	0,7
17	KXOR-17	Қостүйін теміржол бекеті	0-2	2
18	KXOR-18	Арыс ауылына және М.Шойманов елді мекеніне кіреберіс	0-3	3
19	KXOR-19	Шәуілдір-Көкмардан	0-4,3	4,3
20	KXOR-20	Мыңшұқыр елді мекеніне кіреберіс	0-4	4
21	KXOR-21	Ақшоқат теміржол бекеті	0-6	6
22	KXOR-22	Ұзынкұдық теміржол бекеті	0-8	8
23	KXOR-23	станция Отырабат	0-8	8
24	KXOR-24	37 разъезд	0-3	3

25	KXOR-25	Арыстанбаб кесенесіне кіреберіс	0-4,2	4,2
26	KXOR-26	Қарғалы елді мекеніне кіреберіс	0-2	2
27	KXOR-27	Отырар қалашыққа кіреберіс	0-1,7	1,7
Отырар ауданындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы:				109,65

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ